

Н. А. Мейрамова, К. Ж. Абдрахманова, М. Т. Алиева, А. Т. Бакирова

ҚМУ-ДІҢ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚОҒАМДЫҚ ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕР БОЙЫНША ӨТКІЗІЛЕТІН САБАҚТЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІНЕ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ 100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ ЖОБАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ

ҚМУ Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасы (Қарағанды, Қазақстан)

Ұсынылып отырған мақалада қазіргі уақытта гуманитарлық ғылымда кең тараған жүйелілік үрдістердің әдістемелік негізі басты назарға алынады. ҚМУ-дің білім жүйесінде қоғамдық гуманитарлық пәндер бойынша өткізілетін сабақтың түрлері мен әдістеріне «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын жүзеге асыру туралы қарастырылған.

Жеке адам тәрбиесіндегі негізгі факторлар – отбасы мен оқу орындардағы оқу-тәрбие жұмысы, сондықтан оның процестерін рухани санасын қалыптастыру негізінде ұйымдастырудың мәні өте зор. Сондықтан, мақаламызда оқу процесінің, оның теориялық және тәжірибелік жақтарын ашуды мақсат еттік.

Жастардың бойындағы рухани сана қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негізі жұмыстың басты өзегі болды.

Мақала жазу барысында оқу-тәрбие үдерісінің мазмұны мен әдістемесі жас ұрпақтың сана-сезіміне, ұлттық рухына, қоғаммен қарым-қатынасын және мінез-құлқын реттеуге бағыт-бағдар жасадық.

Кілт сөздер: Рухани жаңғыру, қоғамдық гуманитарлық пәндер, әдістер, оқу үрдісі, оқығудың белсенді түрлері, педагогикалық технология, рухани сана

«Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арыл-масақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек» [7]. Осыған орай елімізде рухани жаңғыру мәселесі алға қойылып отыр. Елбасымыз айтқандай: «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды» [7].

Қазір ел алды-артына қарап, етек-жеңін жия бастаған заман. Жаңа заманға жігер керек, талаптылық керек, басқа халықтан үйрену керек, ал ең керегі – ұлттық сана қалыптастырып, ұлттық намысы, ұлттық рухы жоғары, ұлтының тарихи-мәдени құндылықтарын бағалайтын саналы ұрпақ тәрбиелеу. Біз ата дәстүріне сүйене отырып, халқымыздың өркеніетті елдер қатарына жетуін армандаймыз. Ұлттық сезім мен ұлттық намысты, ұлттық рухты көтеру – бүгінгі таңның кезек күттірмес міндеті.

Енді біздің алдымызда қойылған басты мақсат - ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық

құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу.

Жас ұрпақтың бойында ұлттық дүниетанымды, ұлттық дүниесезімді қалыптастыру үрдісі қазіргі таңда өзекті мәселе болып табылады.

Ел болу – болашаққа ашылған даңғыл жол. Сол болашаққа ашылған даңғыл жолды ұлттық тәрбие арқылы жүруді үйренсек, ешкімнен кем болмайтынымыз анық. Бұдан шығатын қорытынды – ұлттық тәрбие идеясы ата-бабалар алдындағы – қарыз бен өкшебасар ұрпақтың алдындағы – парыз деп түсінуіміз керек. Яғни, парыз бен қарыздың түйісер тұсы осы ұлттық тәрбие деп білеміз.

Ұсынылып отырған мақалада қазіргі уақытта гуманитарлық ғылымда кең тараған жүйелілік үрдістердің әдістемелік негізі басты назарға алынады.

Қазақ халқының дүниесезімі және дүниетанымы мәселелерін философиялық, әлеуметтанулық тұрғыдан зерттеу. Ұлттық сана – сезімнің қазіргі заманғы мүшкіл тағдырын сынай отырып, жас ұрпаққа дұрыс жол таңдауға бағыт беруге әрекет жасау.

Осыған орай республикамызда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Жаңа гуманитарлық білім» жобасы жүзеге асырылды. Осы жоба негізінде философия, экономика, әлеуметтік психология, кәсіпкерлік, әлеуметтану және т.б. ғылым салалары бойынша оқулықтар мен монографиялар шет тілдерінен мемлекеттік тілге аударылды. Осы жасалған

маңызды шаралар білім алушыларға, сонымен қатар оқытушыларға білім беру үрдісінде үлкен көмек көрсетуде.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы жүзеге асырылуда. Бұл жоба аясында әлемдегі ең жақсы 100 оқулық әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударылды. Қазіргі таңда өскелең ұрпаққа дүниежүзіндегі таңдаулы еңбектердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасалуда.

Осығай орай 2018/2019 оқу жылына Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасында «Философия», «Әлеуметтану», «Экономика және құқық негіздері» және «Кәсіпкерлік негіздері» пәндері бойынша оқу бағдарламалары өзгертілді. Аталған пәндер бойынша Қарағанды мемлекеттік медицина университетінің кітапханасына студенттердің дүниетанымын кеңейтуге бағытталған жаңа оқулықтар түсті.

Олар философия пәні бойынша: сэр Энтони Джон Патрик Кеннидің 2 томдық «Батыс философиясының жаңа тарихы», Реми Хесстің «Философияның таңдаулы 25 кітабы», Дерек Джонстонның «Философия қысқаша тарихы», Алан Барнардтың «Антропология тарихы мен теориясы». Көрсетілген кітаптар төмендегідей мәселелерді қамтиды.

Тарихи баянның тақырыптық арқауы философияда туындаған сауалдарды келесі екі мыңжылдыққа мұра етіп кеткен және әр кезеңдегідей дәл бүгін де ықпалы бәсеңсімеген екі үлкен тұлға – Платон мен Аристотельге негізделген [3]. Ежелгі заманнан бүгінге дейінгі философия тарихын қамтыған жинақ адамзат ақыл-ойының құнарлы нәрі мен көркем табиғатына енді ден қоя бастаған жас қауымға даналық мәйегін түсінікті де тартымды тілмен баяндайды. [9] Христиандық және исламдық ой-сананың негізін салушылардан бастап, Қайта өрлеу дәуіріне дейінгі аралықты қамтитын кезеңді баяндау арқылы жалғастырады. Ақыл-ойдың кемелденуі XIII және XIV ғасырда Акуинолық Томас пен Джон Дунс Скот сынды тұлғалардың арқасында шарықтау шегіне жетті. Көпшілік оқырманға арналғанымен, осы оқулықтардағы философтардың ойларын терең талдайтын әңгімелері, ең алдымен, Батыс философиясына ден қойып жүрген студенттерге қызық болмақ [4]. Антропология ғылымының қалыптасу тарихын, ондағы эволюция теориясы туралы тұжырымдарды, диффузионистік және тарихи-мәдени аймақтар теорияларын, функционализм және құрылымды-функционализм, әрекетке негізделген тео-

рияларды, процессуалдық және маркстік көзқарастағы зерттеулерді, релятивизм, структурализм мен постструктурализмнің түрлі салаларын және енді ғана қалыптасып жатқан интерпретациялық және постмодернистік көзқарастарға қатысты тақырыптарды кеңінен қамтыған [1].

Әлеуметтану пәні бойынша Джордж Ритцер «Әлеуметтану теориясы», Дэвид Майерс «Әлеуметтік психология», Дэвид Бринкерхоф «Әлеуметтану негіздері» төмендегідей мәселелерді қамтиды.

Құрылымдық функционализм, структурализм, неомарксизм, символикалық интеракционизм, этнометодология, айырбас, желілік, рационалды таңдау, қазіргі феминистік, микро және макроинтеграциялық және басқа да теориялар әлеуметтану ғылымының көппарадигмалық мазмұнын жан-жақты көрсетеді [8]. Жеке тұлға, топ ішіндегі қарым-қатынас, тұлғаның түрлі әлеуметтік процестердегі рөлі, негізгі қызметі, даму өрісі сияқты әлеуметтік құбылыстардың психологиялық заңдылықтары заманауи зерттеулермен толықтырылып, тәжірибелік мысалдармен дәйектелген [6].

Мәдениет және оған қатысты теориялық көзқарастар, оның әралуандығы мен жаһандануға байланысты тақырыптар қамтылып, қоғамдағы институттар туралы толыққанды ақпарат беріледі, қоғам құрылысы, топтар, желілер, ұйымдар және олардың қызметтері талданады. Оқулықтар әлеуметтануға қызығатын ортаға, студенттерге арналған [2].

Экономика және кәсіпкерлік негіздері пәндеріне арналған Рикки Гриффинның «Менеджмент», Дональд Куратконың «Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика», Грегори Менкьюдің «Экономикс». кітаптары қолдануға өте ыңғайлы және бизнеске бағдар бола алады. Нақтылықпен жазылған мәтін саясат пен экономика теориясын білім алушыларға еркін түсіндіреді [5].

Жоғарыда аталған пәндер бойынша оқу бағдарламасында мындай тақырыптарға өзгерістер еңгізілді. Философиядан дәрістер, ОСӨЖ, тәжірибе сабақтарында және СӨЖ мына тақырыптарды қарастырамыз: Философияның қысқаша тарихы. Аристотельден Кантқа дейінгі ой мектептері, Канттан қазіргі заманға дейінгі ой мектептері; Антропология тарихы мен теориясы; Дамудың антропологиясы. Медицинадағы антропология және т. б.

Әлеуметтанудан дәрістер, тәжірибе сабақтары және ОСӨЖ аталған мәселе бойынша келесі тақырыптармен толықтырылды: Классикалық және қазіргі заманғы әлеуметтану

теориялары, Қоғамды зерттеу әдістері.

Экономикадан және Кәсіпкерлік негіздері пәндерінен дәрістер, тәжірибе сабақтары және ОСӨЖ аталған мәселе бойынша келесі тақырыптармен толықтырылды: Кәсіпкерлік венчурді бастау. Кәсіпкерлік жоспарын әзірлеу, Кәсіпкерлік венчурдің маркетинг мәселелері, Кәсіпкерлік венчурге қаржылай дайындық. Кәсіпкерліктегі көшбасшылық, Тиімді бизнес-жоспар құру, Кәсіпкерлік венчурдің өсу стратегиялары. Кәсіпкерлік қызметтегі салықсалымы.

Осы тақырыптар бойынша және аталған оқулықтарды пайдалана отырып, білім алушылар келесі жұмыс түрлерін орындайды: эссе жазады, презентация дайындайды, ұғымдармен жұмыс жасайды, жобаларды қорғайды, түрлі ғылыми мақалаларға талдау жасайды, пікір-таластарда өз ойын еркін білдіре алады, конспект құрастырады. Сонымен қатар, білім алушы сабақ барысында оқытушы рөлін атқару мүмкіндігіне ие болады.

Оқытушылар осы мәселе бойынша мынандай жұмыстар атқарады: мәселелі және шолу дәрістерді толықтырады, тәжірибе және ОСӨЖ сабақтарында TBL, PrBL, RBL белсенді оқыту әдістерін қолдана отырып «дөңгелек үстел», «пресс-конференция», рөлдік және іскерлік ойындарының элементтері қолданады, пікірталас ұйымдастырады, ғылыми жоба қорғау мен мақала жазу жолдарына жетекшілік етеді, нақты-қолданбалы әлеуметтік зерттеулерді жүргізуге, бағдарламалармен анкеталарды құрастыруға, кейс дайындауға бағдар береді.

Адамның жеке басының еңбек ететін саналы азамат, ұлттық тұлға болып қалыптасуында жан тәрбиесі мен тән тәрбиесі маңызды орын алады.

Жеке адам тәрбиесіндегі негізгі факторлар – отбасы мен оқу орындардағы оқу-тәрбие жұмысы, сондықтан оның процестерін рухани санасын қалыптастыру негізінде ұйымдастырудың мәні өте зор. Сондықтан мақаламызда оқу процесінің, оның теориялық және тәжірибелік жақтарын ашуды мақсат еттік.

Жастардың бойындағы рухани сана қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негізі жұмыстың басты өзегі болды.

Мақала жазу барысында оқу-тәрбие үдерісінің мазмұны мен әдістемесі жас ұрпақтың сана-сезіміне, ұлттық рухына, қоғаммен қарым-қатынасын және мінез-құлқын реттеуге бағыт-бағдар жасадық.

ӘДЕБИЕТ

1 Барнард А. Антропология тарихы мен

теориясы. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 36 б.

2 Бринкерхоф Д. Әлеуметтану негіздері, 9-басылым /Д. Бринкерхоф, Р. Уейтс, С. Ортега. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 66 б.

3 Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы, 1 том, Антика философиясы. – Алматы, 2018. – 128 б.

4 Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы, 2 том, Орта ғасыр философиясы. – Алматы, 2018. – 58 б.

5 Куратко Д. Ф. Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика. 10-басылым. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 17 б.

6 Майерс Д. Әлеуметтік психология. 12-басылым / Д. Майерс, Ж Туенж. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 49 б.

7 Назарбаев Н. А. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // www.egemen.kz

8 Ритцер Д. Әлеуметтану теориясы, 10 басылым /Д. Ритцер, Д. Степниcki. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 865 б.

9 Хесс Р. Философияның таңдаулы 25 кітабы. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 55 б.

REFERENCES

1 Barnard A. Antropologija tarihy men teorijasy. – Almaty: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 36 b.

2 Brinkerhof D. Әлеуметтану негіздері, 9-басылым /D. Brinkerhof, R. Uejts, S. Ortega. – Almaty: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 66 b.

3 Kenni Je. Batys filosofijasynuñ zhañа tarihy, 1 tom, Antika filosofijasy. – Almaty, 2018. – 128 b.

4 Kenni Je. Batys filosofijasynuñ zhañа tarihy, 2 tom, Orta ғасыр filosofijasy. – Almaty, 2018. – 58 b.

5 Kuratko D. F. Kәsipkerlik: teorija, process, praktika. 10-basylym. – Almaty: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 17 b.

6 Majers D. Әлеуметтік психология. 12-басылым / D. Majers, Zh Tuenzh. – Almaty: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 49 b.

7 Nazarbaev N. A. Bolashaққа baғdar: ruhani zhañғыru // www.egemen.kz

8 Ritcer D. Әлеуметтану теориясы, 10 басылым /D. Ritcer, D. Stepnicki. – Almaty: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 865 b.

9 Hess R. Filosofijanuñ tañdauly 25 kitaby. – Almaty: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 55 b.

Поступила 28.03.2019 г.

N. A. Meiramova, K. Zh. Abdrakhmanova, M. T. Aliyeva, A. T. Bakirova
ABOUT THE IMPLEMENTATION IN TEACHING PROCESS AND METHODS OF THE PROJECT «NEW HUMANITARIAN KNOWLEDGE. 100 NEW TEXTBOOKS IN THE KAZAKH LANGUAGE» UNDER THE PROGRAM «RUKHANI ZHANGYRU» IN KMU

Department of Kazakhstan history and social and political disciplines of Karaganda medical university (Karaganda, Kazakhstan)

The article included the methodological foundations of systematic trends common today in the humanities sciences. The forms and methods of teaching social and humanities sciences are considered within the framework of the project «New humanitarian knowledge. 100 new textbooks in the Kazakh language» under the program «Rukhani zhangyru» in KMU.

The main factors in personal education are educational work in the family and in educational institutions, because the organization of this processes based on the formation of spiritual consciousness. In this article we sought to show the theoretical and practical aspects of the learning process.

The article also discusses the scientific and pedagogical foundations of the formation of spiritual consciousness in young people.

The article discusses the content and methodology of the educational process, focused on consciousness, the national spirit, relationships with society and behavior of the young generation.

Key words: Rukhani zhangyru, social and humanitarian disciplines, methods, educational process, active forms of learning, pedagogical technology, spiritual consciousness

Н. А. Мейрамова, К. Ж. Абдрахманова, М. Т. Алиева, А. Т. Бакирова
О ВНЕДРЕНИИ В УЧЕБНЫЙ ПРОЦЕСС И МЕТОДИКУ ПРЕПОДАВАНИЯ ОБЩЕСТВЕННО-ГУМАНИТАРНЫХ ДИСЦИПЛИН ПРОЕКТА «НОВОЕ ГУМАНИТАРНОЕ ЗНАНИЕ. 100 НОВЫХ КНИГ НА КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ» ПО ПРОГРАММЕ «РУХАНИ ЖАНГЫРУ» В КМУ

Кафедра истории Казахстана и социально-политических дисциплин КМУ (Караганда, Казахстан)

В статье освещаются методологические основы распространенных сегодня в гуманитарных науках систематических тенденций. Рассматриваются формы и методика преподавания социально-гуманитарных дисциплин в КГМУ в рамках проекта «Новое гуманитарное образование. 100 новых учебников на казахском языке» по программе «Рухани жангыру».

Основными факторами в личностном воспитании являются учебно-воспитательная работа в семье и в учебных заведениях, поэтому организация ее процессов основана на формировании духовного сознания. В связи с этим авторы статьи стремились показать теоретические и практические аспекты процесса обучения. В статье также рассматриваются научно-педагогические основы формирования духовного сознания у молодежи, содержание и методология образовательного процесса, ориентированные на сознание, национальный дух, взаимоотношения с обществом и поведение молодого поколения.

Ключевые слова: Рухани жангыру, общественно-гуманитарные дисциплины, методы, учебный процесс, активные методы обучения, педагогическая технология, духовное сознание